



Алақөл

Газет 1935 жылғы қазан айынан шығады

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Районная общественно-политическая газета

№20 (8106) 18. 05. 2024.
Сенбі / Суббота

Аудан әкімінің мәдениет және өнер қызметкерлерінің күнімен ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті мәдениет және өнер саласының қызметкерлері! Сіздерді төл мерекелеріңіз - Мәдениет және өнер қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Мәдениет – ұлттың қуаты, ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан рухани болмысы, ақыл-ой, парасаты.

Өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен, өнерімен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлесімен танылып, бағаланады.

Ауданымыздың мәдениет саласына ерекше көңіл бөлініп, ауыл мәдениетін дамыту аясында мәдени ошақтар бой көтеріп, ауқымды шаралар атқарылуда. Бүгінде 17 мәдениет үйінің 101 үйірмесіне 1000-нан аса жасөспірімдер қамтылған.

Халық даналығында «Мәдениет-елдің ең басты рухани байлығы, асыл мұрасы. Қай елдің мәдениеті мықты дамыса, сол елдің еңсесі де биік болады»-деген.

Биылғы жоспарымызға сәйкес Жетісу облысының әкімі Б.Исабаевтың қолдауымен Қазақстан, Жайпақ ауылдарында 150 орынды мәдениет үйі салынып, халық игілігіне берілмек.

«Өнер – ұлттың жаны» - демекші, мәдениет үйлерінде білікті мамандарымыз қызмет етіп, дарынды тұлғалардың мекені қазынаны – ұрпаққа жеткізу басты парызымыз. Еуразияның ең бір бай да бірегей мәдениеті – қазақ мәдениеті.

Ұлттық мәдениеттің бір бөлігі, қасиетті, ақ айдынды Алақөл өлкесі – өнердің киелі бесігі, дарынды тұлғалардың мекені.

Өнерді құрметтеп, мәдениетті өркендету – баршамыздың ортақ мақсатымыз болып табылады.

Құрметті мәдениет, өнер саласының қызметкерлері мен ардагерлері!

Сіздерге кәсіби шығармашылық табыстар мен жаңа жетістіктер тілеймін!

Рухы биік халықтың руханиятына қосар үлестеріңіз қомақты, әр еңбек күндеріңіз сәтті болсын.

Әрдайым өнердің ақ туын берік ұстап, халыққа адал қызмет ететіндеріңізге сенімдімін. Абыройларыңыз асқақ, мерейлеріңіз үстем, өнердегі жұлдыздарыңыз жарық болсын.

Мәдениет пен өнеріміз өркендей берсін!

ПОЗДРАВЛЕНИЕ акима района с Днем работников культуры и искусства

Уважаемые работники культуры и искусства!

От чистого сердца поздравляю вас с праздником - Днем работников культуры и искусства!

Культура - это мощь нации, духовное бытие, умственное явление, которое не прерывается на протяжении веков.

Цивилизованная нация ценится, прежде всего, историей, искусством, вкладом в золотой фонд мировой культуры.

Особое внимание уделяется сфере культуры нашего района, в рамках развития сельской культуры возводятся культурные очаги, проводятся масштабные мероприятия. Сегодня в 101 кружке из 17 домов культуры задействовано более 1000 подростков.

В народной мудрости говорится: «Культура - главное духовное достояние, благородное наследие страны. Как бы культура ни развивалась, она будет самой высокой».

В соответствии с планами текущего года при поддержке акима области Жетісу Б. Исабаева в селах Жайпақ, Казахстан будут построены дома культуры на 150 мест, которые будут переданы для блага народа.

Как говорится в выражении: «Искусство - душа нации», так и в домах культуры трудятся квалифицированные специалисты, и их главный долг - сохранять потомкам сокровища, которые веками передавались по наследству. Одна из самых богатых и уникальных культур Евразии - казахская культура.

Часть национальной культуры Алакольского края - священная колыбель сакрального искусства и обитель талантливых личностей.

Уважение к искусству и процветание культуры – общая цель для всех нас.

Уважаемые работники и ветераны культуры, искусства!

Желаю вам профессиональных творческих успехов и новых достижений!

Пусть ваш вклад в духовность нашего народа будет весомым, каждый трудовой день будет успешным, наполненным творческими достижениями!

Я уверен, что вы верно служите своему народу. Желаю новых творческих поисков, дальнейших успехов на пути к искусству!

Пусть ваша честь всегда будет на высоте, множатся юбилеи, а ваши звезды сияют на небосклоне искусства.

Тыл еңбеккерлеріне құрмет көрсетілді

Алақөл ауданы бойынша Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда еңбек еткен 136 ардагер бар. Осыған орай аудан әкімі А.Абдинов Ұлы Жеңіс күні қарсаңында Үшарал қаласының тұрғыны Жолдыбай Алимбеков ақсақал мен Бұлақты ауылының тұрғыны Капан Омарова апамызды Ұлы Жеңіс күнімен құттықтап қайтты.

Сұрапыл соғыс кезінде қырманда еңбек еткен тыл еңбеккерлері зейнет жасына дейін еліміздің ел болып өсіп-өркендеуіне, әлеуметтік-экономикалық дамуына елшеусіз үлес қосып, жас ұрпаққа үлгі-өнеге бола білді.

Аудан басшысы ардагерлерімізді айтулы мерекелерімен құттықтай отырып, бүгінгі бейбіт өмір мен мамыражай тіршілік үшін өз алғысын білдіріп, арнайы сый-сияпаттарын тарту етті.

Ардагерлеріміз өз кезегінде өткен-кеткен естеліктермен



бөлісіп, ел амандығын тілеп, ақжарма тілектерін айтып, өнегелі ақ батасын берді.

«Бүгінгі жас – ертеңгі қария» демекші, келер ұрпақ үшін жан аямай, майдан даласында тер төккен тыл ардагерлерімізге ауданымыздың мәслихат депутаттары мен бөлім, мекеме басшы-

лары және жеке кәсіп иелері, әскери қызметкерлер де құрмет көрсетіп, сый-сияпаттарын табыстап, мерейлі мерекелерімен құттықтады.

А.МҰРАТ,
аудан әкімінің баспасөз хатшысы.

Гүл шоқтарын қойды

Тарихымызда жылдан-жылға жаңғырып, айрықша аталып өтетін Ұлы Жеңіске биыл 79 жыл. 1941 жылы басталып, төрт жылға созылған Ұлы Отан соғысына Кеңес Одағы республикалары азаматтарымен қатар, біздің қазақстандықтар да қатысып, ерен ерлік көрсеткен еді. Бүгінде сол соғыста Отан үшін, жер үшін соғысып, майдан даласында болған ата-ба-

баларымыздың ерліктерін құрметтеп, олардың рухына басыю кейінгі буынның парызы.

Осыған орай Үшарал қаласы Д.Қонаев атындағы орталық алаңда Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің ескерткішіне, сондай-ақ, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік еңбек ері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың монументіне тағзым көрсетіліп, мәңгілік алаудына гүл шоқтары қойылды.

Сұрапыл соғыстың ауыр қияметінде оқ пен оттың ортасында қаза тапқан боздақтарды бір минуттық үнсіздікпен еске алып, рухына тағзым етілді.

Соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне, сол зұлмат жылдардың ауыртпалығын көтерген барша жандарға құрмет көрсету – парызымыз!

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.



«Аналар күнін» атап өтті

Биылдан бастап мамырдың екінші жексенбісі - алтын құрсақты аналарымыздың мерекесі ретінде аталып өтпек.

Жаңа мейрам қарсаңында Алақөл аудандық орталық ауруханасы тарапынан игілікті шара ұйымдастырылды.

Аудандағы барлық медициналық мекемелерде аналар мейрамына орай «Ашық есік» күні өткізіліп, құрсағында перзент жаратып, сәбиіне өмір сыйлаған барша аналар қауымына дәрігерлер жалпылама тексеру жұмыстарын жүргізді. Барлық ақ халаттылар аналардың



денсаулығын зерделеп, мазалап жүрген сұрақтарына жауап беріп, ерекше көңіл бөлді.

Бұндай іс-шаралар тек мереке қарсаңында ғана түңлігін түреді деген сөз емес. Аналарға деген көзқарас ешқашанда күн тәртібінен түскен емес. Жыл он екі ай әр ананың шағымын қарап, олардың аман-саулығы үшін қызмет етуде.

Күнітземізге жаңадан енген Аналар мерекесі қарсаңында аудандық орталық аурухана директоры А.Бутабаев перзентханадағы сәбилер мен аналарының жағдайын бағамдап, мейраммен құттықтады.

Бұл мейрам алтын құрсақты аналардың құрметін көтеріп, мәртебесін биік етуге бағытталғаны сөзсіз. Атаулы күнге орай аудандық орталық аурухана арнайы безендендіріліп, аналарға мерекелік көңіл күй сыйланды.

Аудандық орталық аурухана баспасөз қызметі.

Мемлекеттік қызметшілердің негізгі міндеттері

Мемлекеттік қызметші – қоғам мен билік арасындағы алтын көпір, саясатты жүзеге асырушы негізгі мамандық иелері.

Еліміздегі мемлекеттік басқарудың жаңа мәдениеті «Ең алдымен адамдар» қағидатына негізделеді. Мұндағы басымдықтардың бірі – мемлекеттік қызметтің барынша үйлесімді үлгісіне көшу. Бүгінде Мемлекет басшысының мемлекеттік қызметті жаңғырту тапсырмасын жүзеге асыру аясында 4 заң қабылданып, бірқатар заңға тәуелді актілер дайындалды. Енді мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талаптар күшейтіледі. Мемлекеттік қызметті заман талабына сай түбегейлі жаңғырту тек құқықтық-нормативтік құжаттарға өзгертулер енгізумен шектелмейді. Мұндағы басты міндеттің бірі – мемлекеттік қызметшінің кәсіби-тұлғалық болмысын жетілдіру.

Мемлекеттік қызметшінің күнделікті өмірі оның кәсіби қызметімен тығыз байланысты. Рухани мәдениет пен білім, алған тәрбие адамның тұлғалық болмысын құрап, нәтижесінде оның іс-әрекетіне ықпал етеді.

Мұнда зұлымдық пен әділетсіздікке жол бергізбейтін ішкі бақылаушы – ар-ұжданның орны ерекше. Ардан аттамау – адамшылық бастауы. Ізгі қоғам туралы ұзақ ізденген данышпан ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби ар-ұжданға жүгінген қоғамда заңдарға жүгінуге қажеттілік азаяды дегенге саятын тағылымды ой қалдырған. Бұл заңдарға жүгінуге жеткізбей, әр адамның ар-ұжданы деңгейінде көптеген сұрақтың шешімі бар екенін айтып отыр. Алдымен адам ішкі ар-ұждан заңдарын жетекшілікке алу керек. Сонда әркім өмір сүруге қажетті, жазылған сыртқы заңдарды бұзудан қорыққандықтан емес, адамшылық парызы үшін түзелу жолында болады. Бұл ой – бүгінгі саналы жаңғырудың да негізіне айналуда тұрарлық идея. Яғни ар-ұждан бақылауын күшейту – қазіргі қоғамдағы әр адамның тұлғалық болмысын жетілдіру бойынша саналы жаңғыруының басты шарты болуы керек.

Е.ШАКЕРОВ,
Көлбай ауылдық округінің әкімі.

Жылдық жұмысқа есеп берілді

Жуырда Алақөл аудандық әкімдігінің үлкен мәжіліс залында облыстық мәслихат депутаты Алматы Садиевтың бір жыл шамасында атқарған жұмыстар бойынша есептік кездесуі өткізілді.

Аталған жиынға аудан активі, мәслихат депутаттары, бөлім, мекеме басшылары, ауылдық округ әкімдері, қоғамдық кеңес, ардагерлер кеңесі мен аналар кеңесінің мүшелері, белсенді жастар мен БАҚ өкілдері қатысты. Жиынды Алақөл аудандық мәслихатының төрағасы Д.Каримов ашты. Шараны облыстық мәслихат депутаты, тұрақты комиссия төрағасы Е.Егінбаев басқарып, жүргізді.

Өз кезегінде А.Садиев жыл бердерінде атқарылған жұмыс, халық сұранысы, ауданның, облыстың әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан өрістеуіне қосқан үлесі, оң шешімін тапқан мәселелер жөнінде баяндама оқыды.

Депутат болу – мансап пен лауазымға ие болу емес, халықтың қамына қарай еңбек етудің баспалдағы. Яғни олар, бұқара мен билік арасындағы алтын көпір, қоғамның көңіліндегі күрделі мәселелерді көтерер бірден бір азаматтар.

Сайлаушылардың сенімі мен дауысына ие бола отырып, біршама жұмыстардың шекпенінен ұстағандары көрініп тұр. Жетісу облыстық мәслихаты өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, облыстық мәслихаттың Регламентіне және жыл сайынғы жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырады.

VIII шақырылымдағы депутаттардың жұмысы 2023 жылдың 30 наурызында басталды. Сол уақыттан бері жоспарға сәйкес қажетті шаралар қабылданып, тұрғындардың сұраныс-ұсыныстарын қанағаттандыру мақсатында облыстық мәслихат депутаттары құзіреттілігі шегінде қызметтерін атқаруда.

Депутаттардың жұмысы тұрғындардың көкейлерінде жүрген сұрақтарына жауап беру, алаңдатып жүрген мәселелері болса шешімін табу, қоғамдық пікірлерді үнемі есепке ала отырып, мәслихат сессияларында ұжыммен бірге талқылау, ортаға



салу және осы айтылған жайттардың шешімін табу болып табылады.

Осы ретте облстық мәслихат депутаттары азаматтардың өтініштері мен шағымдарын қарап, өз құзыреті шеңберінде көтерілген мәселелерді шешуге көмек көрсетіп, ресми сұраулар мен өтініштер жолдау арқылы мемлекеттік органдармен жұмыс жүргізіп келеді. Бұдан бөлек облыстық бюджетін бекіту және бөлінген қаражаттың өз мақсатында жұмсалыуына, атқарылар жұмыстардың сапалы әрі уақытылы өткізілуіне бас-көз болуда.

Бұл ретте А.Садиевтің тарапынан да Алақөл ауданының әлеуметтік-экономикалық әлеуетін көтеру мақсатында бекітілген жоспарға сәйкес тиісті жұмыстарды атқарып келеді.

Осы күнге дейін бірнеше мәрте халықты жеке қабылдаулар ұйымдастырып, тұрғындардың сұраныс-тілегі негізінде облыстық деңгейге көптеген ұсыныс хаттар жөнелтілді. Қазіргі таңда шешу жолдары қарастырылу барысында. Атай кетсек, Ақши, Көктұма ауылдарындағы құтқару пунктары ретке келтіру, құтқарушылар санын көбейту және қосымша қайықтар алу, Ақши ауылындағы қоқыс палигонын жинақтап, қоршау, Көктұма ауылына теміржол бекетін салу, құрғатсыз жүрген азаматтарға көмек көрсету, «Тарлан» спорт кешенінің маңына жабық стадион салу, азаматтарды жұмысқа орналастыру, Қарабұлақ ауылы маңынан өтетін республикалық тас жолға мал өткелін салу, қала кө-

арнайы бөлме бөлініп берілді. Және де жұмыспен қамту бойынша жолыққан тағы да екі тұрғынның сұранысы қанағаттандырылды. Олардың бірі «Тарлан» спорт кешеніне, екіншісі Жыланды ауылына спорт нұсқаушысы ретінде орналастырылды.

Долы жел салдарынан сыртқы жабыны қираған «Тарлан» спорт кешенін жөндеу бойынша зерделеу ісін жүргізіп, мердігерлермен тексеріс жасап, қазіргі таңда қалыпқа келтірілді.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Жолдауы мен ілкімді бағдарламаларды насихаттау барысында да облыстық, аудандық газеттермен тығыз қарым-қатынаста жұмыс



шелерін жарықтандыру, «Сымбат» стадионын күтіп-баптауға қаражат қарастыру, жеке кәсіп бастау үшін тұрғындарға көмек көрсету, мәдениет саласы қызметкерлерінің жалақысын көбейтуге сұраныс енгізу, ауданға эколог маманын алдыру, Үшаралдағы қазақ гимназиясының маңына спорт алаңын салу секілді сұрақтар талқыланып, тиісті мекемелер мен басшыларға арнайы хат жазылған. Қазіргі уақыт бойынша барлық мәселелер қарастырылуда, алдағы уақытта оң шешімін тапқандар жүзеге асатын болады.

Өңірімізде құжатсыз жүрген азаматтарға рәсімдеу жұмысына көмек көрсету үшін жаңа жоба бастап, Бұрғанбаев Жоламан есімді азаматтың қырықтан асса да түйір жұбаты жоқтығы анықталып, аудандық көші қон полициясы және «Алақөл» газетімен біріге отырып мәселені шешкен. Аталған тұлғаның құжаттары жасалып, жұмысқа орналастырылып, жатақханадан

атқарылып, 30-ға жуық мақала жарияланған. «АлақөлТВ» ақпараттық-танымдық телестудиясымен бірлесе отырып та рухани бағытта роликтер түсіріліп, жұмыстарының көріністері мен әр қадамдары бойынша есептік бейнероликтер шыққан. Кәсіби мерекелерде мекемелерге арнайы бас сұғып, мейраммен құттықтау, жігерлендіру мақсатында да бірнеше шаралар ұйымдастырылған. Өңіріміздің мерейін ұстем етіп, әлемдік деңгейде көк туымызды желбіретіп жүрген жеңімпаз спортшыларымызды күтіп алу, оларды материалдық тұрғыда ынталандыру бағытында да үлкен жұмыстарды жөнге салуда белсенділік танытып келеді.

Қабанбай өңірінде «Respublica» партиясы облыстық филиалы төрағасымен халықпен жүздесу өтіп, бірнеше мәселе хаттамаға толтырылған. Көтерілген мәселелер облысқа ұсыныс ретінде жазылды. Аталған жиынға

«Respublica» партиясы Жетісу облыстық филиалының төрағасы Ришат Асқарбекұлы, облыстық мәслихат депутаты Алматы Садиев, аудандық мәслихат депутаты Нұржамал Махкамова қатысты.

Шараға Қабанбай ауылынан бөлек, көршілес елді мекен тұрғындары жиналып, ұсыныс-сұраныстарын білдірді.

Сөз алған «Respublica» партиясы Жетісу облыстық филиалының төрағасы Р.Асқарбекұлы аталған партия тарапынан облыс көлемінде атқарылып жатқан жұмыстар легімен таныстырып, алдағы жоспарлар тізбегін халық таразысына салды. Депутаттардың көтерген келелі мәселелерінің қалай шешіліп жатқанын, тұрғындайға қандай көмектер көрсетуге мүмкіндік бар екендігін тілге тиек етті. Жас партия болғанымен ел мүддесіне бағытталған маңызды тақырыптардың оң нәтиже көрсетіп жатқандығын да дәйектермен жеткізді.

Облыстық мәслихат депутаты А.Садиев жалпы Алақөл өңірінің бүгінгі тыныс-тіршілігі, даму үрдісі мен жоспарлы жұмыстар төңірегінде әңгіме өрбітіп, аудан жұртшылығы тарапынан бұған дейін көтерілген күрделі мәселелердің жүзеге асу деңгейін сөз етті.

Аудандық мәслихат депутаты Н.Махкамова Қабанбай өңірінің бүгінгі хал-ахуалы, бұқараның ойында ірікілген сұрақтар мен ұсыныстар жайлы ақпарат берді.

Жиналғандар тарапынан Қабанбай ауылының ішкі көшелерін күрделі жөндеуден өткізу, Теректі және Қабанбай ауылын қосар тас жол бойындағы көпір маңына жылдамдықты азайту белгілерін қою, тұрғындар серігіп, серуендеп қайтар саябақ салу, үлкен спорт алаңын ретке келтіру, жас мамандарды жұмыспен қамту, білікті дәрігерлерді ауылға қоныстандыру секілді сұрақтар қойылып, ұсыныстар айтылды.

«Әлеуметтік нысандардың жұмысын зерделеу бойынша да ілкімді істер жүзеге асуда. Біздің міндет халықтың қамы үшін қызмет ету, ел мүддесін өз мүддемізден биік қою. Бұл ретте барынша күш-жігерімізді, уақыт-қайратымызды сарп етіп, аянып қалмаудамыз. Алдағы уақытта да сіз бен біз болып, ел жүгін жұмыла көтереміз деген сенімдемін», - дейді А.Садиев.

Алмат ЕСЕНБЕКОВ.

Мәдениет — ұлттың мәйегі

Мәдениет – ұлт өмірінің айнасы, ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан халықтың рухани келбеті, мейірімі мен парасат-пайымы. Дана халқымыз: «Өнер – ұлттың жаны» деп бекер түстемесе керек. Өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен, өнерімен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлесімен танылып, бағаланады.



Бұл тұрғыдан келгенде біздің көсіле сөйлеуімізге болады. Арғы ата бабаларымыздан қалған асыл мұралар, Қазақ хандығының іргесі қаланғаннан бергі жиналған жауһар дүниелер әлем алдында абыройымызды биіктетіп келеді. Соларды насихаттап, көкке көтеріп жүрген мәдениет саласы қызметкерлерінің еңбегі орасан. Әрине, өнерді құрметтеп, мәдениетті өркендету – баршамыздың ортақ мақсатымыз. Десе де, мұражайлар мен кітапханалардың, театрлар мен концерттік ұйымдардың, халық шығармашылығы және мәдениет үйлерінің, қалалық және ауылдық клубтардың қызметкерлерінің, сондай-ақ ақындар мен жазушылардың рөлі ерекше. Олар қоғамымыздағы руханиятты дамытуға, игілікті, адамгершілікті, қайырымдылық пен өзара түсіністікті өрістетуге жол ашып, үздік мәдени дәстүрлерді сақтауға һәм молайтуға ерекше мән беріп келеді.

Мәдениеті мен өнері өркендеген, ынтымағы мен бірлігі жарасқан еліміздің мәдениет саласы 1936 жылдан бастау алады. Бүгінгі таңда ауданымыздағы мәдениет үйлерінің қызметіне әдістемелік – басшылықты халыққа мәдени қызмет көрсетудің жаңа түрлері мен әдістерін әзірлейтін Алақөл аудандық Зейнеп Қойшыбаева атындағы мәдениет үйі.

Аудандық мәдениет үйіне қарасты 17 ауылдық мәдениет үйлері мен клубтар, 129,5 штаттық бірлікпен халыққа мәдени – көпшілік қызметтер көрсетеді. Түрлі бағыттағы 101 үйірмеге қатысатын 1315 адам аудан мәдениетін дамытуға өзіндік үлес қосуда. Халық атағын қорғап алған «Үшарал» халық театры, «Зейнеп» әжелер ансамблі, «Алақөл әуендері» вокалды

тобы ауданда өтетін барлық мәдени – көпшілік шаралардың белді мүшелері.

Ауданымыздағы 17 мәдениет үйінің 13-і күрделі жөндеуден өткен. Аталған мәдениет үйлері материалдық-техникалық базамен қамтылған. Соңғы жылдары Ақтүбек, Ақжар ауылдық мәдениет үйлері жаңадан салынса, Үшбұлақ, Арқарлы, Ынталы ауылдық мәдениет үйлері толықтай күрделі жөндеуден өткізілді. Биылғы жылы «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Жайпақ, Қазақстан ауылдарына блокты модульді мәдениет үйлерін салу жоспарланып, 300 млн. теңге қаражат бөлініп, мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жеңімпаздары анықталуда.

Аудан мәдениетінің сапалық құрамы толықтай қалыптасқан. ҚР Мәдениет саласының үздіктері Нусупов Әділғазы Иманғожаұлы, Уалиева Әсия Уалиқызы, «Еңбек даңқы» тәсбелгісінің иегерлері Ақшолақов Ербол Кәрімұлы, Мұқашева Эльмира Қаматқызы, аудан мәдениетінің дамуына өзіндік үлес қосып жүрген Ерлан Жотабаев, Айқан Батырғалиев, Салтанат Кәкімқызы, «Жас қанат» республикалық жас орындаушылар байқауының лауреаты Ерасыл Інібек сынды өнерлі азаматтарымыз аудан мәдениетін дамытуда.

Аудандағы мәдени шаралардың өтуіне Үшарал қаласындағы Балалар шығармашылық орталығының ұжымы үлкен үлес қосады. ҚР Мәдениет саласының үздігі Уалиева Әсия Уалиқызы басшылық ететін ұжымда қалыптасқан «Атамұра» фольклорлық ансамблі, домбырашылар оркестрі, «Тентегім», «Шашу» би топтары, «Жас қыран» вокалды тобы, жеке ән үйірмесінің өнерпаздары бар. Сонымен бірге,

аудандық мәдениет үйінде қалыптасқан «Шағала» вокалды-аспаптар ансамблі, «Жігіттер» вокалды тобы, «Элит» вокалды тобы, «Қыздар» вокалды тобы,

Кәкімсейітовтер отбасылық әншілері, Нұрбақыт Хусинов басшылық ететін «Алақөл ТВ» ұжымы еңбектенуде. Ақтүбек ауылындағы вокалды-аспаптар ансамблі, Қабанбай ауылындағы «Еркем – ай» би тобы және ауылдық мәдениет үйлерінің жанынан құрылған 11 әжелер ансамблі халыққа мәдени – көпшілік қызметтер көрсетеді.

Ауданымызда түрлі ұлт өкілдерінің мәдениеті де жан-жақты даму үстінде. Қабанбай ауылдық округінде қоғамдық негізінде ұйымдасқан «Славян» этно-мәдени орталығы, Лепсі ауылдық округінде ұжымдасқан татар ұлттық орталығының өкілдері де аудан мәдениетінің дамуының белді мүшелері. Қоғамдық негізде ұйымдасқан ұжымдардың жетекшілері Савчук Дмитрий Валерьевич, Абдухаликова Ирина Зиновьевна, Власенко Клавдия Васильевна сынды азаматтарымыз атап өтуге болады.

Халқымыздың бай мәдени мұрасы мен руханиятының дамуына үлес қосып келе жатқан азаматтардың еңбегі бағаланып елеулі күн ел өмірінің ең айшықты сәтіндей ыстық. Себебі қаламға серт еткен ақын-жазушының, өнер мен тарих тағылымымен таныстыратын музей қызметкерінің, білім бұлағымен сусындатқан кітапханашының, мазмұнды қойылыммен көрерменге ізгілік нәрін сыйлайтын театр, кино және опера әртісінің, өңірлердегі мәдениет ошақтарында қызмет етіп жүрген өзге де мамандардың еңбегі ұмытылмақ емес.

**Отан СМАҒҰЛОВ,
З.Қойшыбаева атындағы
аудандық мәдениет үйінің
директоры.**

21 мая представители культуры и искусства Казахстана отмечают свой профессиональный праздник. День работников культуры и искусства в Казахстане появился в ноябре 2013 года в соответствии с Указом Президента Республики.

Учреждение праздника культуры и искусства было нацелено на то, чтобы подчеркнуть важную роль, которую играют представители этой сферы в формировании, развитии и хранении культурно-исторических ценностей.



Достойна признания и уважения

Биография Исаевой Назии Тимурбулатовны на первый взгляд обычна: родилась в селе Держинск, закончила школу. На тот момент она имея отличные музыкальные данные, часто пела на концертах, участвовала в школьных мероприятиях. В итоге именно пение привело ее к любимой профессии. Так и получилось.

После окончания школы она поступила в педучилище, затем в ЖенПИ г. Алматы по специальности преподаватель музыки.

А трудовую биографию молодая Назия начала пионервожатой Герасимовской средней школы. С 1990 года она более десяти лет работала директором Герасимовского дома культуры, а после переезда в наш город уже стала инструктором в гарнизонном доме офицеров, после чего призвалась в гарнизонный военный оркестр в/ч 40398 концертмейстером, прослужив в нем до 2014 года до выхода на заслуженный отдых.

Принимала участие в различных международных и республиканских конкурсах, в том числе «Виват Победа», «Жас улан», занимая в течении семи лет первые места.

– Я благодарна своему супругу за поддержку, ведь он не запрещал мне выходить на сцену, я выступала, пела, оттачивая свое мастерство, занималась культурно-массовым досугом. Муж с пониманием относился, уважал меня и до сих пор я чувствую себя за ним как за каменной стеной. Кажын, я его так зову, отличный супруг и надежная опора в жизни. Любимый папа дочери и

сына, обожаемый дедушка пятерых внуков, – рассказывает Назия Темирбулатовна.

Беседа с ней, чувствуешь, что человек, действительно, любит и ценит свою работу. Активная, яркая, внимательная, которая дорожит своей работой, относится к обязанностям с большой ответственностью.

В рабочие будни героини моей статьи входит подготовка сценариев, создание идей, репетиции к выступлениям, концертам, которые проходят в нашем районе ко всем праздникам. А также помощь в постановке голоса молодым солистам – исполнителям. Ведет кружки «Вокал», «Домбра», возвращает юных воспитанников, представителей подрастающего поколения.

Помимо всего этого Назия Темирбулатовна состоит в группе «Әжелер ансамблі», а также в вокальной группе «Алақөл әуендері».

Неоднократно была награждена почетными грамотами района, медалью «Жас Улан» как Лауреат республиканских и международных конкурсов, а также юбилейными медалями. В 2023 году она получила диплом областного уровня «Үздік мәдениет қайраткері».

Редакция нашей газеты поздравляет Назию Темирбулатовну с праздником – Днем работников культуры и искусства и желает ей отличного здоровья, благополучия, успехов в жизни и всего самого наилучшего.

Ш. ИМАНАСОВА.



Атыңыздан несие рәсімдесе не істеу керек?

«Өз қарызым екен» деп алаяқтар Сіздің атыңызға алған несиені төлеп жүрмеңіз. Бірден кредитті рәсімдеген банкті немесе қаржылық ұйымды анықтап, оларға шағым жолдаған жөн. Тіпті компаниядан ішкі тексеріс жүргізіп, ақша айналымына қатысты құжаттарды ұсынуды талап етуге де толық құқығыңыз бар. Бірақ ол мекеме мәлімет беруден бас тартса, қайда жүгіну керек?

Атыңызда несие барын өзгенден білген жағдайда бірден сол қарызды рәсімдеген мекеменің атауын анықтау керек. Олардан келісімшарттардың көшімесін, ақша аударылған есепшот туралы ақпаратты сұрап, өздерінде ішкі тексеріс ұйымдастыруын талап ете аласыз. Мамандар бұл талаптан бас тартса, қаржы нарығын реттеу және дамыту

агенттігіне жүгіну қажет. Ондағы қызметкерлер шағымыңызды қабылдап, жөн сілтеуге міндетті.

«Е-өтініш» порталы арқылы осы агенттікке шағым немесе сұрау жіберсеңіз болады. Яғни несиеге қатысты мәселе болса, кредитор міндетті түрде ақпарат беруі қажет. Өзгенің атына несие рәсімдеу – алаяқтықтың бір түрі. Сондықтан барынша сақ болған

абзал», – деді қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің бас маманы Мұхаммед Бағдатұлы.

Мамандар заңсыз қарызды дер кезінде анықтау үшін кредиттік жазбаларды бақылауда ұстауға кеңес береді. Мұндай ақпаратты бірінші кредиттік бюродан немесе халыққа қызмет көрсету орталығынан ала аласыз. Бұл қызметті онлайн алуға да мүмкіндік бар. Дегенмен алаяқтың

тұзағына түсіп, шығынға батқан жағдайда бірден полицияға хабар берген жөн.

Сондай-ақ egov порталы арқылы несиеге тоқтау қоюға болады. Бұл қызметке жүгінсеңіз, не сіз, не бөгде адам атыңызға несие рәсімдей алмайды. Жалпы алаяқтар атыңызға несие рәсімдеп үлгермеуі үшін жоғалған құжаттарыңыздың орнына жаңасын алған жөн. Және жеке мәліметтер мен есепшотыңызды еш жерде жариялаудың қажеті жоқ. Сондай-ақ кез келген құжатқа қол қоймас бұрын алдымен ақпаратпен толық танысып алған абзал.

Алақол ақпарат.

тапшылығын азайтуға септігін тигізіп, жастардың мемлекеттік қызметке тұру тетігін жеңілдетіп отыр.

2023 жылдан бері Жетісу облысында оқуды мемлекеттік тапсырыс негізінде, яғни грантпен аяқтап, бір жыл ішінде жергілікті және орталық атқарушы органдарға бос лауазымға конкурс өткізілместен 7 азамат жұмысқа орналасты.

Бұл салада жүргізіліп жатқан реформаның көздегені – мемлекеттік қызметшінің кәсіби-тұлғалық болмысын, осы арқылы мемлекеттік басқарудың жаңа мәдениетін жетілдіру.

Мемлекетті және қоғамдық істерді басқару батылдықты, төзімділік пен жан-жақты ойластырылған сындарлы өзгерістерді жүзеге асыруды қажет етеді. Мемлекеттік қызметшінің басты міндеті – елдік мүддеге қызмет ету.

Мемлекеттік қызметте – білімді, алғыр, бастамашыл, инновациялық ойлай алатын жастардың жаңа буынын қалыптастыру арқылы елге қызмет ету жолында жаңаруды жүзеге асыру арқылы өзгерістердің бастауы бола алатын жастарға әрдайым қолдау көрсету.

Б.ШАРИПОВА,
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің Жетісу облысы
бойынша департаментінің
Мемлекеттік қызмет
басқармасының
бас маманы.

Тәрбие басы – тіл

Адам баласы тәлім-тәрбиесіз, өнер-білімсіз, іс-әрекетсіз өмір сүре алмайды. Мағыналы да мәнді өмір сүріп, ұрпағын салт-дәстүрге сай тәрбиелеу үшін әр қазақ ең бірінші өз тілін білуі керек. Адамның жан дүниесін байытып, рухани терең білім алуда туған тілдің беретін күш-қуаты өлшеусіз. Дүниеге келген нәрестенің құлағына алдымен өз анасының сөзі естіледі. Сол себептен ана сүтінен баланың қанына тарап, ананың сөзі баланың сезімін оятады. Қазақ тілі – әр қазақтың ана тілі. Ана тіліміз – өте бай, көркем тіл. Ұлт болып сақталып тұруымыздың өзі туған тіліміздің ерекшелігінде.



Тіл – ерекшеліктерінің бірі ұлт мәдениетінің өзегі. Онда халықтың бар болмысы жатыр. Олай болса, жас ұрпақтың болашағын ойласақ, оларға тіл арқылы тәрбие беріп, ұлттық құндылықтарды ұлықтауымыз керек. «Тілін білмеген-түбін білмейді» деген сөз бар. Адамның дамуы, өсуі тікелей тәрбиенің жетістігіне, адам табиғатына байланысты. Осы орайда ғұлама Жүсіп Баласағұнның мына бір сөздері осы айтылған ойымыздың дәлелі іспетті:

«Бейбастақ қып өсірсе ұлдың қылығын,
Кінәлі –әке, жазығы жоқ ұлының».

Өз туған тілінде білім алып, өз туған тілінде тәлімді сөз естіген ұрпақ жаза баспасы анық. «Басында бұлағы бар өзен ұзақ ағады» дегендей, салт-дәстүрімен, туған тілінің қуатымен ерте ауыз-данған жас ұрпақ тілінің тағдырына алаңдап, ана тілінің болашағы үшін күресуге үнемі дайын болады деген сөз. Тілінің тағдырына бей-жай қарамайды. Ана тіліне деген жанашырлық пен сый-құрметтің бастауы – ата-ананың тәрбиесінде. Тәрбие тілден басталады. Қазақ тілі – дамыған, жетілген, бай, қуатты, икемді тілдің бірі. Ананың ақ сүтімен, ата-бабамыздың қанымен дарыған осы тіліміз-халықтың, ұлттың кескін-келбеті. Ұлтымыздың ұлы тұлғалары Абай атамызға түрлі ертегіні, батырлар жырын, қисса, дастандар айтқан Зере әжеміз, Шоқанды ауыз әдебиетімен сусындатып өсірген Айғаным әжеміз, Ыбырай атамызды «көзімнің нұры» деп үміт еткен Балғожа би қазақ тілінің барлық қуаты мен нәрін ұрпағының өн бойына дарытып өсірді емес пе? Өз тілінің нәрлі уызына қанып ішкен ұрпақтың үлгісі осы емес пе?!

Даңқты батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы: «Мен үш нәрседен қорқамын: бірінші – баласына бесік жырын айтпаған анадан, екіншісі – немересіне ертегі айтпаған әжеден, үшіншісі – бір-бірімен қазақша сөйлеспеген қазақтардан», – деген әр қазақ азаматына ой салар осы сөзі бүгінгі күннің де өткір мәселесіне айналып отыр. Ұлттық құндылықтарымызды бала бойына сіңіріп тәрбиелеу бүгінгі күннің өзекті де өткір мәселесі болып отырғаны ешкімге де жасырын емес.

«Тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың қас жауы», – деп, ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби айтқандай тәрбиесіз өскен бала еліне пайдасын тигізеді дегенге сену қиын. Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру – дұрыс тәрбиелеудің алғышарты. Қазақ қашанда тек өз баласын ғана тәрбиелеп қоймай, бүкіл ұлтты тәрбиелеуді алдына мақсат етіп қойған, жөн санаған. Қазіргі кезде бір қуанарлық жағдай қазақ тілінде балаларға арналған түрлі ертегілер, әңгіме кітаптар өте көп шығып жатыр. Өрі сыртқы көркемделуі де заманға сай етіліп басылып шығарылуда. Енді осы құндылықтарымызды баланың бойына сіңіруге барлық қауым болып ат салысуымыз керек.

«Ел боламын десең, бесігіңді түзе» дегендей, еліміздің болашағы ертеңгі ұрпақтың қолында. Егеменді еліміздің туын тік ұстап, ұлтымыздың абыройын асқақтатуға, ана тілімізді дәрiптeп туған тілде еркін сөйлей алуы – болашағымыздың кепілі. Ұрпағымызды соған лайықты тәрбиелеу біздің міндетіміз.

Р.К.ДЖАКИПОВА,
М.Жұмабаев атындағы
орта мектебінің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Жас түлектерге берілген мүмкіндік

Еліміздің жастары үшін мемлекеттік қызметке түсу нақты мақсат болуы керек. Талабы биік, ынтасы жоғары жастарға әрдайым жол ашық. Қазақстанның болашағын жаңа белестерге шығару үшін жастардың білімі мен кәсіби даярлығы үлкен маңызға ие.

Қазіргі қоғам мемлекеттік қызметшілерден қоғамдық мүдделерге әділ, адал қызмет етуін, өз күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін елдің дамуына жұмсауын күтеді. Мемлекеттік қызметте жұмыс жасау адамнан оны саналы тұрғыдан сезінуді, шын ынтасының болуын, ең бастысы – ниетінің таза болуын талап етеді.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың мемлекеттік қызметке кіруде артық кедергілерді жою және мемлекеттік қызметтен шығу тәртібін жеңілдету туралы тапсырмасына сәйкес, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңына бірқатар өзгеріс пен толықтыру енгізілді. Нәтижесінде, мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға конкурстық рәсімдерді өткізбестен тағайындалу құқығы бар тұлғалардың аясы кеңейтіліп, мемлекеттік қызметке кіру шарттары біршама жеңілдетілді.

Заң аясында оқу нәтижесі «жақсы», яғни GPA көрсеткіші 3,33-тен жоғары немесе

100-баллдық жүйе бойынша 85 балдан жоғары үлгерімімен грант бойынша білім алған жоғары оқу орындарының түлектерін бір жыл ішінде уәкілетті органмен немесе оның аумақтық бөлімшесімен келісе отыра аудандық және ауылдық деңгейдегі орындаушылық лауазымдарға тікелей қабылдауға болады.

1) облыс ауданының немесе облыстық маңызы бар қаланың әкімі және мәслихаты аппараттарының орындаушылық лауазымына;

2) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын облыс ауданы және облыстық маңызы бар қала (облыстың әкімшілік орталығы болып табылатын қаладан басқа) атқарушы органының басшылық емес лауазымына;

3) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының басшылық емес лауазымына;

4) орталық мемлекеттік органының облыс ауданындағы немесе облыстық маңызы бар қаладағы (облыстың әкімшілік орталығы болып табылатын қаладан басқа) аумақтық бөлімшесінің басшылық емес лауазымына орналаса алады.

Бұл білікті жастарды мемлекеттік қызметке ынталандырып, жас мамандардың аудан мен ауылдық аймақтарға оралуына, сонымен қатар өңірлердегі кадр



ством, работодателем и работником. И участие работодателя в уплате пенсионных взносов - это классическая модель ре-

ИИК бенефициара
KZ12009NPS0413609816
БИН бенефициара
160440007161

В рамках ЕНПФ

С 1 января 2024 года накопительная система Казахстана дополнена новым компонентом - обязательными пенсионными взносами работодателя (ОПВР).

1. Из каких средств оплачивается ОПВР? В каком размере и как размер взносов будет изменяться?

- С 1 января 2024 года накопительная система Казахстана дополнена новым компонентом - обязательными пенсионными взносами работодателя (ОПВР). Теперь каждый работодатель обязан перечислять в ЕНПФ, помимо обязательных 10-процентных взносов от дохода работника, дополнительные взносы за счет собственных средств в пользу своих работников. Подчеркнем: оплата взносов производится из средств работодателя, но их размер рассчитывается от дохода работника. В 2024 году это 1,5 процента. Каждый год до 2028 года размер взноса будет увеличиваться на 0,5% и в 2028 году составит 5%:

- с 2024 года - 1,5 процента;
- с 2025 года - 2,5 процента;
- с 2026 года - 3,5 процента;
- с 2027 года - 4,5 процента;
- с 2028 года - 5 процентов.

Важный момент: ОПВР будут перечисляться только за работников, родившихся после 1 января 1975 года. При этом ежемесячный доход работника должен быть не ниже минимального размера заработной платы и не должен превышать 50-кратный размер минимальной заработной платы.

Для налоговых агентов, выбравших уплату ОПВР в составе единого платежа, доля ОПВР в ставке единого платежа с заработной платы составляет

- с 1 января 2024 года – 7,0 процента;
- с 1 января 2025 года – 10,5 процента;
- с 1 января 2026 года – 14,1 процента;
- с 1 января 2027 года – 17,4 процента;
- с 1 января 2028 года – 19,0 процента.

Напомним, единый платеж могут применять индивидуальные предприниматели и юридические лица, являющиеся субъектами микро- и малого предпринимательства, которые работают по специальным налоговым режимам.

2. С какой целью принято решение о внедрении ОПВР?

- Идея внедрения обязательных пенсионных взносов работодателя обсуждалась в стране на протяжении нескольких последних лет. Она заложена в Концепции дальнейшей модернизации пенсионной системы Республики Казахстан до 2030 года, принятой еще в 2014 году. В мировой практике солидарная ответственность за пенсионное обеспечение граждан распределена между государ-

ализации принципа социальной ответственности бизнеса за пенсионное обеспечение работника. С введением ОПВР индивидуальные пенсионные накопления работающих казахстанцев будут пополняться за счет новых обязательных пенсионных взносов работодателя, что позволит обеспечить работникам, родившимся в 1975 году и позже более высокий уровень пенсий, учитывая, что данная категория не имеет солидарного стажа работы до 1998 года или их стаж в солидарной системе незначителен. Их пенсия будет складываться из трех компонентов: базовой пенсии - от государства, накопительной - за счет их отчислений в ЕНПФ и условно-накопительной - за счет взносов работодателей. В полную силу норма заработает в 2028 году, когда обязательные взносы достигнут 5 процентов.

3. Не окажется ли введение ОПВР нагрузкой для работодателя?

- Введение нового компонента – (ОПВР) - несколько раз переносилось из-за внедрения других обязательных платежей. Все это время нагрузка на предпринимателей распределялась равномерно и им была дана возможность подготовить бизнес к оплате обязательных пенсионных взносов из своего бюджета. Сейчас дополнительный платеж за работников вводится не одновременно, а постепенно: начиная с полутора процентов от дохода работника в 2024 году до 5 процентов к 2028 году. Также в соответствии с Налоговым кодексом, сумма уплаченных ОПВР отнесена на вычеты при определении налогооблагаемого дохода, то есть нагрузка на бизнес остается на приемлемом уровне.

4. Каким образом работодателям перечислять ОПВР?

- Уплата ОПВР производится агентом (работодателем), если им не выбран специальный налоговый режим, также, как и уплата обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов, не позднее 25 числа месяца, следующего за месяцем выплаты доходов.

Лица, занимающиеся частным предпринимательством не имеющие счетов в банках и организациях, осуществляющих отдельные виды банковских операций, вносят ОПВР наличными деньгами в банк для их последующего перечисления в ЕНПФ. Удержанные (начисленные) ОПВР перечисляются в Государственную корпорацию по следующим реквизитам:

Наименование
Реквизиты
Бенефициар НАО «ГК «Правительство для граждан»
Банк бенефициара НАО «ГК «Правительство для граждан»
БИК бенефициара
GCVPKZ2A

КНП:
КНП Наименование кода значения платежа
КНП 089

обязательные пенсионные взносы работодателя
КНП 098 пеня за несвоевременное перечисление обязательных пенсионных взносов работодателя

уздечка и камча (для мальчика), для девочки отрез ткани, платки, а присутствующим малышам раздают сладости, как подарок от новорожденного.

Қырқынан шығару (Қырқынан шығару) - «40 дней ребенку». По древнему казахскому обычаю, до сорокового дня новорожденного никому не показывают, не стригут ему ногти и волосы – считается, что в это время ребенок еще очень слаб и не защищен от злых сил. А вот через 40 дней после рождения его «официально» представляют собравшимся на торжество. Кроме того, в «программу» входит ритуальное купание малыша и первое обрезание ногтей и волос. И, конечно же, одаривание виновника торжества и участниц ритуала, а также праздничная трапеза.

Ат қою (Ат қою). Азан шақырып ат қою - наречение. По истечению 40 дней с момента рождения наши предки давали ребенку имя. Как правило, делали это не сами родители, а почетный ақсақал или мулла. Имя трижды сообщалось малышу на ушко и при этом читая строчки из корана старейшина, проводивший ритуал получает подарки от семьи.

Тұсау кесу (Тұсау кесу) - разрезание пут. Проводится этот обряд тогда, когда ребенок начинает ходить. Малышу обвязывают ножки черно-белыми «путами» (чтобы отогнать злых духов) и ставят на белую дорогу (скатерть или полосу белой ткани). Бабушка или дедушка со счастливой судьбой ножом разрезают путы на ножках

бенку, какой предмет малыш выберет – его будущее будет связано с этой сферой деятельности, например, домбра – искусство, деньги – сфера финансов, книга – наука и т.д.

Сундетке отырғызу (Сундет той). «Сундет» – это важная религиозная традиция казахского народа, событие, которое символизирует не только взросление мальчика, но и его присоединение к мусульманской общине.

Обряд обрезания проводится в 3, 5 или 7 лет. Раньше процедуру обрезания проводил мулла, а сейчас обрезание проводят в медицинском учреждении. Как и все значимые события, обряд сопровождается пышным празднованием, на которое приглашают всех близких и родных, которые несут значимые, дорогие подарки на это мероприятие.

Тілашар тойы. В настоящее время этот праздник отмечается, когда ребенок идет в первый класс. Это значимое событие в жизни и ребенка, и родителей. Начало нового важного этапа в жизни. В этот день ребенок одевает в первый раз свою первую школьную форму, ему собирают его первый рюкзак со школьными принадлежностями. Родители устраивают традиционный праздник, на который приглашаются родственники, друзья семьи, коллеги и т.д. Все приносят подарки для новоиспеченного первоклассника. Смысл праздника "Тілашар" в том, чтобы получить благословение и напутствия близких и уважаемых людей

ные казахские традиции и обычаи, ритуалы и обряды.

Жеті ата (Жеті ата) - по древнему обычаю, все родственники до седьмого колена считаются близкой родней, поэтому браки между ними запрещены. Так что знать свой род и всех предков для казахов – это не только традиция, но и насущная необходимость.

Қыз айтыру (қыз айтыру). Любой свадьбе предшествует сговор – когда родители жениха и невесты договариваются о будущем бракосочетании своих детей. Иногда родители договаривались о свадьбе еще даже до рождения детей («бел құда») или сразу после рождения («бесік құда»).

Қыз көру (қыз көру). Еще один обычай казахов, который входит в сватовство, – смотрины. Отпрыски богатых и знатных семей или прославленные жигиты могли сами присмотреть себе невесту, отправившись в аул, где были девушки на выданье. Во время смотрин потенциальные невесты состязались в разных видах искусства и, в свою очередь, сами присматривались к молодым людям. В случае, если юноша и девушка понравились друг другу, в дом к невесте отправлялись сваты.

Сватать невесту, по древней традиции, шли с қоржын (қоржын) – сумкой, наполненной подарками для семьи девушки.

Құда тусу (құда тусу) – сватовство. В дом к невесте приезжают отец и родственники жениха,

ДАУА

Салауатты өмір салтына арналған бет



Адам папиллома вирусы

Сүйелдердің қандай болатынын білетін шығарсың. Ал олар неге пайда болады?

Бұл жерде адам папиллома вирусы кінәлі (АПВ). Өкінішке қарай, олар мұнан да басқа қауіпті ауруларға себепші болады.

АПВ деген не?

АПВ — бұл адам папиллома вирусы. Бұл вирустың көптеген түрі тері мен шырыш қабатында қатерсіз өзгерістерді тудырады (соның ішінде сүйел), бірақ папиллома вирусының кейбір түрлері қатерлі ісік тудырады.

Адамдар папиллома вирусын қалай жұқтырады?

Өртүрлі жолмен! Тері немесе шырышты қабық жанасқанда вирус денеге енеді. АПВ-ны жұқтыру оңай, сондықтан адамдардың 80%-ы өмірінде бір рет болса да осы вирусты жұқтырады. Жұқтырғаннан кейін вирус ағзада ұзақ уақыт тіршілік ете алады, бірақ бұл адам ауырады дегенді білдірмейді. Өзінде вирус бар екені туралы білмеуі де мүмкін. Егер адамның иммунитеті жақсы болса, ауру белгілері болмауы мүмкін. Көп жағдайда адамның қорғаныс жүйесі вирусты бірнеше ай немесе бірнеше жылдың ішінде жойып жібере алады. Бірақ кейде вирус адам ағзасына еніп, сансыз еселенуі мүмкін, сол кезде қатерлі ісік немесе обыр тәрізді қауіпті аурулар пайда болады.

АПВ-ның қай түрі ең қауіпті?

АПВ вирусын әйелдер де, еркектер де жұқтырғанымен бұл вирус әйелдер үшін қауіптірек.

Адам папиллома вирусының түрлері жүзден асады. Ыңғайлы болу үшін оларды «жақсы», «жаман» және «қатерлі» деп бөлейік. «Жақсы» түрі салдарынан аяқ пен қолда сүйел пайда болады. Бұл жағымсыз, бірақ оңай емделеді.

«Жаман» вирус немесе қатері төмен АПВ үшкір кондилом тудырады. Олар тері түстес қатерсіз без. Бұларды емдеу сүйелдерді емдеуге қарағанда қиынырақ, бірақ емдеуге болады.

«Қатерлі» типті вирус бәріненде қауіпті. Барлық жағдайда дерлік жатыр мойнының қатерлі ісігін адам папилломасы вирусының 16-түрі немесе 18-түрі туғызатыны дәлелденген.

АПВ-ның «Қатерлі» түрін жұқтыру көбіне 20-29 жас аралығындағы адамдарда жиі кездеседі. Неге?

Осы жастағы адамдардың жұқтыру қаупі жоғары.

Жатыр мойны обырының

пайда болу қаупі 35 жастан кейін басталады. Неге?

Жоғары қауіпті АПВ жұқтыру уақытынан жатыр мойны обырының пайда болуына дейін орташа алғанда 10-15 жыл өтеді.

Біреулер ауырады, біреулер ауырмайды? Неліктен?

Егер ағзаның қорғаныс жүйесі адам папилломасы вирусын жоя алмаса, вирус жасушада қалып, уақыт өте келе обырмен ауыру қаупі өседі. Сонымен қатар, жасы 15-тен кіші қыздардың қорғаныс жүйесі вирус және бактериямен күресуге дәрменсіз.

Өзіңді АПВ-дан қалай қорғауға болады?

Осы кезде вакцинация туралы ойлан. Қызылша, сары ауру, тұмау және кене энцефалитіне қарсы вакцинация туралы естіген боларсыз.

Адам папиллома вирусына қарсы да вакцинация бар. Ол кең тараған АПВ түрлерінен, оның ішінде ең қауіптілерін жұқтырып алудан қорғайды.

Қазақстанда 2024 жылдың 3 тоқсанынан бастап қыздарды вакцинациялау жоспарлануда. Адам папилломавирусына (АПВ) қарсы Вакцина Ұлттық егу күнтізбесіне енгізіледі, вакцинация 11 жастағы қыздарға балаларды вакцинациялауға ата-анасының келісімін алғаннан кейін жүргізіледі. Бұл жас ДДҰ, онкологтардың ұсыныстарына сәйкес таңдалды, себебі 11-14 жас аралығындағы иммундау ересек жасқа қарағанда тиімді, себебі тұрақты иммунитет қалыптасады.

Әлемде бұл вакцинаға сұраныс өте жоғары. Бүгінгі таңда 125-тен астам ел ұлттық вакцинация күнтізбесіне осы вакцинацияны енгізді (соның ішінде Австралия, Бельгия, Канада, Германия, Жапония, Бразилия, Жаңа Зеландия, Норвегия, Швеция, Испания, Швейцария, Ұлыбритания және АҚШ). Орталық Азия елдері бойынша, көршілес Өзбекстан, Қырғыз Республикасы, Түрікменстан АПВ қарсы вакцинацияны енгізген.

Ең тиімді қорғану әдісі - вакцинация. Вакцинамен қорғануға болатын - жалғыз қатерлі ісік түрі — бұл жатыр мойны обыры. Халықаралық тәжірибеде жүзден астам елде, соның ішінде ұлдар арасында АПВ вакцинасы енгізілген. Бұл мемлекеттерде жатыр мойны обыры 90%-ға төмендеген.

Алакөл аудандық санитарлық эпидемиологиялық басқармасы.


Екпе салдырғаннан еш зиян жоқ

Иммундау – вакцина арқылы адамда иммунитетті қалыптастыратын немесе жұқпалы ауруларды қабылдамау иммунитетін тудыратын процесс. Ол өмірге қауіп туғызатын жұқпалы ауруларға қарсы күресте сынақтан өткізілген құрал. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бағалауына сәйкес иммундау жыл сайын 2-3 миллионға жуық өлім жағдайының алдын алады. Міне, сондықтан ажалдан араша-лап, аурудан сақтандыратын процесстен бас тартпау керек.

Жер шарында вакцина шығарылғанға дейін жұқпалы аурулардан балалар өлімі мен жалпы өлім жағдайы өте жоғары болатын. Оба, тырысқақ, шешек аурулары миллиондаған адамның өмірін алып кетті. Бүгінгі күнге медицина саласында алдын алу шараларының дамуы нәтижесінде аталған жұқпалы аурулар туралы тек қана медициналық кітаптардан оқып білуге болады. Бұл жағдайда екпенің әсерін жоққа шығару орынсыз және мүмкін емес.

Ата-аналар бүгінгі күнге дейін бүлдіршіндеріне екпе салдыруға бола ма деп күмәнданады. Себебі, дәрігерлер вакцина арқылы қорғауға тырысатын ауру түрлері өте сирек кездеседі.

Әлемде жыл сайын миллиондаған адамның өмірін жалмайтын шешек сырқаттанушылығы толығымен жойылды. Полиомиелит сырқаттанушылығы да жойылды, енді қызылшаны жою жалғасуда. Дифтерия, қызамық, көкжөтел, эпидпаротит және басқа да қауіпті жұқпалы аурулар жүз тіпті мың есе төмендеген.



Туберкулез туралы не білесіз?

Туберкулез, ескіше, құрт ауру, көксау – адам мен жануарларда болатын созылмалы жұқпалы ауру.

Жұқпалы ауруды тарататын негізгі көзі-науқас адамнан түскен микробтары бар қақырық. Сау адамға ол негізінен туберкулезбен ауырған адам түкірген қақырықтың ұсақ сұйық тамшылары арқылы не кепкен түйіршіктерін ауамен бірге жұтқанда, сирек жағдайда туберкулезбен ауырған үй жануарларының сүтін шикілей ішкенде, етін шала пісіріп жегенде жұғады.

Организмге туберкулез таяқшасының енуі ауруға себепші болғанымен, оның толық дамуы үшін жеткіліксіз. Адамдар организмнің иммунитеті төмендегенде, дұрыс қоректенбегенде (әсіресе мал өнімдерінің белоктары, витаминдер тапшы болғанда), үнемі суықта тоңып жүрсе, санитарлық-гигиеналық жағдайлар дұрыс сақталмағанда, сондай-ақ аурумен ұзақ уақыт бойы араласқанда және уайыммен (стресс) жүрсе ауырады.

Бірақ тұрғындар арасында бүгінгі күнге дейін екпенің зияны туралы пікір қалыптасқан. Ендеше шындығы немесе жалғаны қайсы талқылап көрейік.

«Вакцинаның көмегі арқылы алдын алатын сырқаттанушылықтар елімізде жойылған, сондықтан вакцинамен егілуге негіз жоқ.» Бұл дұрыс емес пікір. Вакцинаның көмегі арқылы алдын алатын сырқаттанушылықтар көптеген елдерде сирек кездескенімен әлемнің басқа елдерінде олардың қоздырғыштары айналымда жүр. Бір-бірімен байланысы бар қоздырғыштар шекара арқылы өтіп, екпемен қорғалмаған кез келген адамға жұғуы мүмкін.

Екінші жалған пікір – «вакциналар әлі де белгісіз көптеген зиянды және ұзақ уақыттық кері әсерлер береді.» Жоқ, шынайында олай емес. Вакциналар қауіпсіз. Көбінесе олар болмашы және уақытша әсер береді, мысалы ине салған қолдың ауырсынуы және елеусіз дене қызуының көтерілуі. Күрделі әсерлер өте сирек кездеседі және тиянақты бақылау жүргізіліп, тексеріледі.

«Вакциналар арқылы алдын алатын балалар ауруы аса қауіпті емес.» Бұл үшінші қате пікір. Анығында қызылша, эпидпаротит, қызамық сырқаттанушылықтары қауіпті жұқпалы ауру саналады. Бұл аурулардың асқынуы балалар мен ересектерде пенмония, энцефалит, соқырлық, іш өту,

Туберкулез негізінен тұқым қуаламайды. Бірақ туберкулезбен ауыратын ата-ана дер кезінде емделмесе, аурудан сақтану ережелерін дұрыс сақтамаса, дертті баласына жұқтырып, баланың туберкулезбен ауруы мүмкін.

Туберкулездің ашық және жабық түрлері болады. Ашық түрінде қақырықта туберкулез таяқшалары болады, сондықтан туберкулездің мұндай түрімен ауыратын адамдар өте қауіпті деп

көрендік, туа біткен қызамыққа және өлім жағдайына әкеліп соқтырады.

«Бір мезгілде балаға біреуден артық енгізілген вакцина оның иммундық жүйесіне кері әсерлердің пайда болу қаупін туғызуды мүмкін» деген де жалған пікір қалыптасқан. Ғылыми мәліметтерге сәйкес бірнеше вакциналардың енгізілуі баланың иммундық жүйесіне қолайсыз әсер бермейді. Бірнеше вакцинаны бір мезгілде енгізудің негізгі ерекшелігі – емханаға келу жиілігін азайтады, уақыт пен ақшаны үнемдейді және балаларға ұсынылған кестеге сәйкес екіпелердің салыну мүмкіндігі жоғарлайды.

«Вакцина алғанша сырқаттанушы иммунитет қалыптастырған жөн» деген де жалған түсінік те бар. Вакциналар иммундық жүйемен бірлесіп әсер етеді, жұқпалы ауруға қарсы иммундық жүйені қалыптастырады, бірақ олар ауру туындатпайды немесе егілгендерді асқыну қаупіне ұшыртпайды. Жұқпалы аурулардан, мүгедектік пен өлімнен сақтайтын ең тиімді жол – вакцинация екенін естен шығармауымыз қажет. Сондықтан, екпе салдырудан ерінбей, дер уақытында салдыруды естен шығармайық.

Г.АБИКЕНОВА,
Алакөл аудандық санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысының м.а.

дысымен барлығы 49 туберкулез, оның ішінде 47-і екпе тынысы жолдары туберкулезі тіркеліп, ауру деңгейі өткен жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 21 жағдайға өсіп, 100 мың халыққа шаққандағы көрсеткіш 69,10 құрады.

Аудан бойынша туберкулезден эпидемиологиялық қолайсыздық келесі елді мекендерде тіркелді: Ұшарал-12, Қабанбай-7, Қазақстан-5, Бескөл-4, Теректі-4,

еседелінеді. Ал, жабық түрінде қақырықта туберкулез таяқшалары болмайды, бірақ дерт асқынатын болса, туберкулездің мұндай түрімен ауыратын науқастар да ауру жұқтырады. Туберкулез таяқшалары әр түрлі органдарды, көбінесе өкпені зақымдайды. Аурудың ортақ белгілері: дене қызуының көтерілуі, түнге қарай көп терлеушілік, ұйқының қашуы және төбеттің нашарлауы, 2 аптадан астам жөтел. Науқас жүдеп, ашуланшақ келеді, жұмысқа қабілеті төмендейді.

Туберкулезді ертерек анықтау мақсатымен балаларға (қауіпті топтағы) Манту сынағасын жасайды. Туберкулезге қарсы арнайы егу (БЦЖ) перзентханада, сәби дүниеге келгеннен 0-4 күннен кейін және 1-сыныпқа барған кезде міндетті түрде жүргізіледі. Жылына бір рет флюорографиялық жолмен тексеріліп тұру аурудың бастапқы кезеңін анықтауға зор ықпалын тигізеді.

Ауданда 2023 жылдың қорытын-

Бұлақты-3, Жайпақ-3, Достық-2, Жыланды-2, Ж.Балапанов-2, Лепсі-2, Байзекер-1, Тоқжайлау-1, Жанама-1, Сапақ-1 тіркелді.

Туберкулез сырқаты бойынша эпидемиологиялық ахуал аудан бойынша тұрақсыз болып тұр. Осыған орай, жылына бір рет өкпені флюорографиялық жолмен тексертіп тұру қажет. Ал ауырған науқастарға айтатыным: ауру қайталанбасын десеңіз, емнің жалғастыру кезеңінде (амбулаториялық жағдайда) дәріні үзбей, ұқыпты түрде ішіңіз. Туберкулезден құлан-таза жазылған адам қоғамға қайта оралып негізгі қызметін, оқуын жалғастырады. Тексерілу, емделу тегін жүргізіледі.

Жоғарыда аталған белгілердің біреуін байқасаңыз да өз бетіңізбен емделмей, дертті асқындырмай дәрігерге қаралыңыз!

Г.АБИКЕНОВА,
Алакөл аудандық СЭБ басшысының м.а.

Семья и семейные ценности

Что такое для человека семья? Слово, которое понятно всем. Оно с первых мгновений жизни рядом с каждым из нас. Семья – это дом, папа и мама, близкие люди. Это общие заботы, радости и дела. Это любовь и счастье. Семья – это тыл и фундамент, на котором строится вся жизнь. Все мы рождаемся в семье, а вырастая, создаем свою собственную. Так устроен человек.

Семьи бывают разные: веселые и счастливые, строгие и консервативные, несчастные и неполные. Почему так? Разные семьи имеют разные характеры, как люди. Если человек, как личность, определяет свою жизнь, исходя из своих жизненных приоритетов, то и семья, как комплекс, состоящий из отдельных личностей, взаимосвязанных между собой родственными и эмоциональными отношениями, строит свое настоящее и будущее, основываясь на собственных ценностях.

Семья и семейные ценности – это важнейший фундамент, на котором строится жизнь любого человека. Формирование личности начинается именно в семье: семейные ценности прививают нужные навыки для гармоничного развития целостной натуры.

Что важнее всего в семье? Очень трудно однозначно ответить на этот вопрос. Любовь? Взаимопонимание? Забота и участие? А может быть самоотверженность и трудолюбие? Или строгое соблюдение семейных традиций?

Семейные ценности всегда неразрывно связаны между собой и друг без друга не существуют. Если семья отсутствует, то семейные ценности автоматически теряют свое значение. Ни одни узаконенные отношения между мужчиной и женщиной не существуют и никогда не существовали без основополагающих принципов. Именно благодаря им на протяжении многих лет супругам удается сохранить духовное здоровье, единство и целостность. На заботе и любви строятся традиционные семейные ценности.

Изменение и развитие общества, новые взгляды соответственно формируют и новое понимание семейных ценностей. Сегодня нравственные приоритеты родителей и детей значительно разнятся. У детей отношение к данному понятию обладает более прогрессивным, но жестким характером. Такая тенденция наблюдается ввиду того, что каждое последующее молодое поколение берет от предыдущего только самое необходимое, привносит в него собственные, актуальные в настоящее время, семейные обычаи и традиции. Безусловно, такие понятия, как доверие, любовь, взаимопомощь, уважение и доброта, остаются основополагающими и для

человека 21-го века. Но, как ни печально, они подвергаются давлению со стороны самых разных факторов, которые обусловлены проблемами общества.

Согласно результатам социологических опросов, семейные национальные традиции и обычаи у молодежи стоят не на первом и даже не на втором местах. Их обогнали образование, карьера, взаимоотношения с друзьями, пристрастия. Чтобы сохранились

то, что в силах сделать брак удачным, а будущих детей – счастливыми. Идеалом можно не быть, но стараться нужно. В любой период взаимоотношений (неважно, это пара, прожившая в браке много лет, или молодая семья) необходимо заниматься самовоспитанием, работать над собой. Любые проблемы можно научиться решать мирно, что и станет началом пути к взаимному счастью. В результате в скором времени у супругов жизнь

семейных ценностей будет содержать бесконечное количество пунктов. Но каждый из нас должен иметь четкое представление о тех семейных ценностях, которые способствуют укреплению фундамента для создания крепкой и дружной семьи. Знание моральных и нравственных устоев играет важную роль в укреплении доверия и повышении уверенности к каждому члену семьи.

Чувство значимости и необ-

Учитесь быть щедрыми на внимание, любовь, время, общение, даже на некоторые ваши материальные владения

Общение – отдельное искусство. Передача информации, чувств – важный элемент становления семейных отношений. Когда люди чувствуют, что легко и открыто могут выражать свои мечты, надежды, страхи, успехи, неудачи, то это способствует только укреплению брачных уз. Отсутствие общения приводит к тому, что малые вопросы перерастают в более крупные, которые заканчиваются ссорами, избеганием, разводом.

Ответственность. Все мы хотим казаться для других ответственными людьми. Некоторые из нас более ответственные, другие – менее ответственные. Чувство ответственности не требует много «подталкиваний», чтобы выполнить работу вовремя и правильно.

Традиции – это то, что делает семью уникальной, они спланируют всех членов семьи.

Будьте примером для подражания. Взрослые выступают примером для своих детей. Они передают им свои навыки решения проблем, совместной работы, общения и др.

Оцените свой вклад в развитие и укрепления ваших семейных уз. Хотя семейные отношения основаны на сильных кровных связях, все же в большой семье с течением времени чувства близости ослабевают, поэтому необходимо дополнительно прилагать усилия и уделять время для сохранения крепких семейных уз. Время от времени вы должны напоминать себе о важности семьи в вашей жизни.

Семья – это первая школа жизни для нового, только что появившегося на свет человечка, это среда, в которой он учится использовать свои способности, чтобы понять внешний мир и справиться с его непредсказуемыми подарками. Все, что вы узнали из вашей семьи, становится вашей системой ценностей, на основе которых формируются ваши действия. Счастливая, радостная семейная жизнь – не случайность, а великое достижение, основанное на труде и выборе. Создание семьи – ответственный поступок, который потребует много времени, затрат, сил, энергии. Но это достойное дело, это наше главное дело жизни. Хочется, чтобы наши поступки были достойны уважения.

Ш. НУКЕБАЕВА.



традиционные семейные ценности, примеры для подрастающего поколения в первую очередь должны приводиться из личного жизненного опыта. И даже если кто-то вырос далеко не в такой благополучной среде и не смог впитать с воспитанием истинное любящее родственное отношение, необходимо постараться уже в осознанном возрасте наверстать упущенное и через отношение к близкому постараться сделать этот мир лучше и светлее. Это под силу каждому.

Как воспитываются семейные ценности? Сегодня взаимодействия между близкими людьми могут условно подразделяться на современные и традиционные, и они иногда конфликтуют между собой. У каждого человека есть свое индивидуальное понятие о том, как сохранить отношения и брак. Чему-то в этом вопросе научили родители, что-то удалось уяснить из собственного жизненного опыта. Когда только сформировалась молодая семья, супруги не всегда задумываются о том, что значит чтить мнение партнера, считаться с его личным пространством. Нередко они сразу начинают ожидать друг от друга только хорошего и считают, что это хорошее должен создавать именно партнер. На этом этапе следует понять, что ответственность за гармоничный союз лежит как на мужчине, так и на женщине в равной степени. Здесь каждый, занимая свою позицию, согласно половой принадлежности, должен оберегать и культивировать все

преобразится в лучшую сторону, наладится или трансформируется общение. Именно так, преодолевая сложности, и формируется настоящая семья, и семейные традиции становятся священными и уважаемыми среди всех сородичей.

Дети также имеют большое значение. цветы жизни. Для них в первую очередь нужен в семье мир и благополучие, ведь они являются самым незащищенным и уязвимым родовым звеном. К ним необходимо проявлять благосклонность и на собственном примере показывать, как важна семья, разъяснять, почему необходимо чтить традиции. Такое морально-нравственное воспитание не будет напрасным.

Из-за информационного дефицита и из-за навязываемых обществом новых ценностей денег и статуса, дети отодвинули самые дорогие и необходимые составляющие своей нормальной жизни на второй план. Формирование у детей правильного понятия о жизни, об этических нормах станет залогом их счастливой семейной жизни в будущем. Разобраться малышам и подросткам в данной теме также помогают и школьные учреждения. В последнее время все чаще стал проводиться классный час, на котором семейные ценности являются главной темой для бесед. Это большой шаг вперед, так как правильное развитие самосознания ребенка поможет ему найти и свое место в жизни.

Основные семейные ценности Для любой семьи перечень

важности. Важно, чтобы каждый член семьи знал, что его любят, ценят, в нем нуждаются. Даже будучи сплоченной семьей, каждому члену семьи должно быть выделено пространство и предоставлена свобода для деятельности. Семья это то место, где можно собираться без «особых» случаев, праздников, это безопасное место, в которое можно вернуться, когда что-то не получилось, вас примут, выслушают, поддержат, помогут. Гибкость в решении семейных проблем – путь к счастью и ощущению комфорта. В каждой семье устанавливается свой порядок, режим дня, структура, правила. Но слишком много правил и порядка может привести к ухудшению отношений и появлению обид.

Честность образует глубокую связь между членами семьи. Поощряйте честность, практикуя понимание, уважение любых поступков, которые совершают ваши близкие. Если вы будете сердиться на то, что произошло, вероятнее всего, в следующий раз от вас скроют информацию, чтоб избежать неуважения к своей личности.

Необходимо научиться прощать людей, которые вас обидели. Все делают ошибки. Жизнь слишком коротка, чтобы тратить ее на обиды. От обидчика вам стоит получить ответы на все волнующие вас вопросы и сделать выбор – принять, простить, отпустить и идти дальше.

Құттықтаймыз!



Әр адамның беделі оның ел үшін еткен еңбегімен бағалы. Халықтың қамын көздеген ерлердің құрметі үнемі биікте болары сөзсіз. Бұл ретте құқық қорғау органдарында талай жыл талмай, табан аудармай қызмет еткен ағамыз, полиция подполковнигі, ҚР ІІМ құрметті ардагері, Алакөл ауданының Құрметті азаматы **ҚҰСБЕКОВ Бекет Баймұсаұлы** 70 жастың сеңгір биігіне шығып отыр.

Тәртіп пен біліктіліктің символы болған, өз қызметін абыроймен атқарған ағамызға мол қуаныш, таусылмас бақыт тілейміз. Ұлтымыздың өркендеуіне, еліміздің дамуына өзіндік үлесіңізді қоса беріңіз.

Ізгі тілекпен: Аудандық полиция бөлімінің ұжымы.

Орманның пайдасы және оны қорғау

Ең алдымен, орман климатқа, таза судың, таза ауаның болуына мол әсер етеді, ол ауылшаруашылық жерлерін қорғайды, адамдардың жайлы өмір сүруіне және демалуына орын береді, жабайы табиғаттың алуан түрлілігін сақтайды. Бұл орманның орта құраушы немесе экологиялық рөлі.

Екіншіден, орман көптеген материалдық ресурстардың көзі болып табылады, онсыз адамзат қазір де, болашақта да өмір сүре алмайды — құрылыс, қағаз және жиһаз, отын, азық-түлік,

дәрілік өсімдіктер үшін ағаш қажет. Бұл орманның экономикалық немесе ресурстық рөлі.

Үшіншіден, орман мәдени және тарихи ортаның бөлігі, оның әсерінен бүкіл халықтардың мәдениеті мен әдет-ғұрыптары қалыптасады, халықтың едәуір бөлігінің, әсіресе ауылдар мен орман қоныстарында тұратындардың еңбек, тәуелсіздік және материалдық әл-ауқат көзі болып табылады.

Д.М.АБЖАНОВ,

Көкжар орманшылығының орманшысы.



Рапс жапырақ жемірі

Рапс жапырақ жемірі (рапсовый листоед)-колорадо қоңызы тұқымдасына жататын зиянкес. Биылғы жылдың ауа райының қолайлы болуына байланысты, осы жәндіктің қыстап шыққан балақұрттары сәуір айында егістік маңайында, жайылымдарда және бос жатқан танаптарда кездесе бастады. Қазіргі уақытта қызыл қоңызға айналып, жасыл желекке зиянын келтіріп отыр. Олар шаршыгүлділер тұқымдасына жататын арамшөптер мен мәдени дақылдарды залалдайды. Рапс жапырақ жемірі ең алдымен рапсқа, сонымен қатар орамжапырақ тұқымдастарына зиянын келтіреді. Олар: қырыққабат, брокколи, қыша, рапс, редиска, шалқан, ақжелкек және тағы басқалар. Табиғи шөптерден жұмыршақ, сарыбас қурай, қанат-жеміс және тағы басқалар.

Қоңыздың ұзындығы 7-10 мм, арқа жағы қызыл, қанатының үстінде екі қара жолағы бар. Бауыр жағы қара, денесі ұзынша деңестеу келеді. Аналығы 150-250-ге дейін жұмыртқалайды. Жұмыртқасы сопақша, қоңырқай қызыл түсті. Дәріліктерінің денесі сопақша болып келеді, арқасында үш қатар болып көлденең орналасқан хитинді бүртіктері бар. Қуыршағының түсі сарғылт қызыл, ұзындығы 8 мм. Балақұрттарының ұзындығы 13-15 мм. Рапс жапырақ жемірі

көбінесе жұмыртқа фазасында қыстайды. Балақұрттары сәуірдің аяғы мен мамырдың басында шығады. Жұмыртқадан шыққан балақұрттары 3-4 аптаның ішінде шаршыгүлді өсімдіктермен қоректеніп отырып, 5-8 см тереңдікте топырақта қуыршақтанады. Қуыршақтану

2-3 аптаға созылып, қоңыздар пайда болады. Мамыр айының аяғында, маусым айының басында, аптап ыстықта қоңыздар топырақта 15-20 см тереңдікке көміліп, диapaузаға кетеді. Тамыз-қыркүйек айларында қоңыздар қайта жер бетіне шығады. Жұмыртқаларын жер бетіне немесе 1 см тереңдікке салады. Жылына 2-3 рет генерация жүреді.

Күресу шаралары. Ауыспалы егіс жүйесін дұрыс сақтау; рапс өсірілген учаскелерге оларды қайталап егуді кем дегенде 3-4 жылдан кейін ғана жоспарлау; өнімді жинап алғаннан кейін егістік жерді өсімдік қалдықтарынан ұқыпты түрде тазалап, одан соң терең етіп сүдігер жырту; көктемде егін маңайындағы жиектерді шаршыгүлділер тұқымдасына жататын арамшөптерден тазалау; жазда егістікті агротехника көмегімен қатар аралық өңдеу жұмыстары зиянкестердің қуыршақтарын жоюға көмектеседі. Көктемде зиянкестер алғаш шыға бастағанда, инсектицидті препараттармен бүркіп өңдеу ең тиімді тәсіл болып табылады.

Гүлжаухар МУСАЕВА,

ҚР АШМ АӨК

МИК «Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» РММ Алакөл аудандық филиалының басшысы.

Химиялық өңдеу

Мамыр айының 17-21 күндер аралығында Үйгентас орман шаруашылығы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жер қорында орналасқан барлық орман пайдаланушылардың және іргелес шаруашылықтардың назарына Қабанбай орманшылығында 1,2,3 айналымдарында «Жасыл аймақ», Қабанбай, Ақжар, Теректі ауылының маңайында қарағаш, алмағаш орман екпелеріне, ағаштарына биологиялық препарат «Дифлубензурон» инсектицид ерітінділерімен, эмульсияларымен және сұйық тамшы суспензияларымен бүрку арқылы орман зиянкестеріне қарсы мұқабелегі, (пядица обдирало) жер үсті (механикалық) химиялық өңдеу жүргізіледі. Дифлубензурон инсектицид препараты Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға рұқсат етілген. Орманда болу, саңырау құлақ теру, мал жаюға тиым салынады. Омартадағы бал арасына зиян келдірмейді сонда да сақтық шараларын қамтамасыз ету керектігін ескертеміз. Қабанбай, Ақжар, Теректі ауылының тұрғындары сол күндері жасыл аймақ жерлері мен шектесетін жерлерге кіріп шығуына болмайтын туралы ескертеміз.

Ж.Т.СТАМГАЗИНОВ,

Үйгентас орман шаруашылығы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің орманды қорғау инженері.

Объявление

В ТОО «Алакөл-Көмір» требуется:
 1) Водители с категориями Д, Е со стажем работы. Зарплата от 285 000 - 310 000 тенге
 2) Разнорабочие. Зарплата - 247 500 тенге
 3) Разнорабочие в кирпичный цех. Зарплата сдельная.
 Обращаться по адресу: ст.Бесколь, ул. Амангельды №1Б
 Тел: 3-32-31; (тел: 870174227158, 8 701 312 01 78)
 @mail: alakol-komir@mail.ru При себе иметь резюме.

Еске алу

Бала күннен бірге өскен досымыз, бауырымыз, ет-жүрегі бірге біткен абзал азаматымыз **Амангелді Иманғалиұлы** өмірден өтті. Артында қабырғасы қайысқан ағайын-туыс, бала-шаға, дос-жараны қалды. Біз де сондай қимас жандардың біріміз. Тай-құлындай тебісіп тел өскен досымыздан айырылу оңай болған жоқ. Дауысын естігендей болып, кейде еріксіз елең ете қаламыз. Бізге осындай ауыр тиген соққы, жарына, балаларына қаншалықты қиын екендігін түсінеміз.

Амал қанша..? ешкімнің көңілін қалдырмайтын, біреуге көмектескісі келіп тұратын, ортасына сыйлы азамат еді. «Өттең» дегеннен басқа қолымыздан не келсін?

Жатқан жерің жәннатта болсын, досымыз, бауырымыз. Жадымызда асыл бейнең, адамдық қасиетің мәңгі қалады. «Мен» деген бір адам болса, өзіңдей-ақ болсын.

Абзал досымыз, бауырымыз, жоқсың енді,

Сұм ажал ортамыздан алды сені.

Бізбен бірге қосылып жоқтағандай,

Ай мен күн, жұлдызы мен соққан желі.

Дос едің бірге өскен, болған бауыр,

Беріліпті тым қысқа шіркін тағдыр.

Қайғырған ағайынға көңіл айтамыз,

Жаратушы бір Алла берсін сабыр.

Еске алушылар: Сыныптас достары.

Қазақстан ауылының тумасы, асқар таудай ағамыз **Сансызбаев Жанат Бексейітұлы** тірі болғанда 22 мамырда 60 жасқа толар еді. Адам баласына алалығы жоқ, кісілік келбетіне кір жұқтырмаған ағамыз нағыз ер еді. Амал қанша, жазмыштан озып кету пендеге мүмкін емес. Қапыда қазанаттың ері ауып, азаматтан айырып қалып едік. Біз ағайын-туыстары ағамызды сағынышпен еске аламыз.

Есімізде сенің нұрлы дидарың, Ағайынға тек мейірім сыйладың. Жаратқаным орын беріп жұмақтан, Арғы әлемде жолдас болсын иманың.

Амал қанша бұл жалғанға не шара, Таусылғанмен таба алмадық еш дауа. Алла жазған уақыт шіркін аз болды, Ұрпағыңды сақтасыншы енді Алла.

Еске алушылар: Даулетовтар отбасы.

Аудан тұрғындарының назарына!

Алакөл ауданының 2025-2027 жылдарға арналған бюджет жобаларына қатысты мәліметтер.

Қазіргі таңда Алакөл ауданы бойынша 33 бюджеттік бағдарлама әкімшілері бар. Оның ішінде: Алакөл аудандық мәслихат аппараты, аудан әкімі аппараты, 7 бөлім және 24 ауылдық округ әкімдіктері. Қазақстан Республикасының кез келген азаматы аталған бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің 2025-2027 жылдардағы бюджет жобасымен «Ашық бюджет» электрондық порталы арқылы танысуға мүмкіндігі бар. Сонымен қатар, бюджет жобасы Алакөл ауданы әкімдігінің alakol.zhetisu.gov.kz ресми сайты мен әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында орналастырылған. Осылайша, тұрғындар аудан бюджетінің қандай мақсаттарда және қай нысандарға жұмсалғандығымен танысып қана қоймай, мемлекеттік органдардың бюджетіне қатысты өздерінің ой-пікірлерін білдіре алады.

Аталған мәліметтер ақпараттандыру мақсатында жолданады.

Алакөл ауданының әкімдігі.

Меншік иесі:
«Алакөл айнасы» ЖШС-і.
Құрылтайшы:
Ғалым АЗАТҰЛЫ
Директор - Ғалым Азатұлы
Бас редактор - Алмат ЕСЕНБЕКОВ.

Телефондар:
Директор: 3-52-63
Бас редактор: 3-52-68
Бас редактордың орынбасары: 3-51-74
E-mail: alakred@mail.ru
Сайт: alakol-aynasy.kz

Газет аптасына бір рет сенбі күні қазақ және орыс тілдерінде шығады
 Газета выходит один раз в неделю в субботу на казахском и русском языках

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 2021 жылғы 24 желтоқсанда тіркеліп, №KZ34VPY00044522 куәлігі берілген.

Үшарал қаласы, Жеңіс көшесі, 129.
 ИНДЕКС: 040200.

Осы шығарылымның таралымы 3261

Газет «Алакөл баспагері» жеке кәсіпкерлігінде басылады.
 Инд.: 040200. Үшарал қаласы, Жеңіс көшесі, 129. Тел.: 3-52-84.